

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Серия
Филологическая

5-6. 2004

З А Л
периодики



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

З А Л
709/10/11

**ТІЛ, ӘДЕБИЕТ СЕРИЯСЫ
СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ**

5-6(246)

**ҚЫРКҮЙЕК – ЖЕЛТОҚСАН 2004
СЕНТЯБРЬ – ДЕКАБРЬ 2004**

1974 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАН БЕРІ ШЫҒАДЫ
БІР ЖЫЛДА 6 РЕТ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1974 ГОДА
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

АЛМАТЫ
НАН РК

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

М.С. АТАБАЕВА

СӨЙЛЕНІСТЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕСТЕР ТАБИҒАТЫ

Диалектілік тұрақты тіркестер — белгілі аймақ тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүр, географиялық жағдайына, рухани дүниесіне байланысты пайда болған, құрамы, қолданылуы жағынан тұрақты, мағынасы жағынан біртұтас, бейнелі түрде жұмсалатын дайын тілдік бірліктер.

Фразеологиялық тіркес сөзжасам категориясына жатады, сөздің күрделі типі, бірақ фразеологизмдердің басты қызметі номинация жасау емес, алдымен ұғымды атау қажеттілігі туады, содан кейін адам танымының дамуына сәйкес белгілі бір ұғымды бейнелеу, баға беру, сипаттау қызметі маңызды бола бастайды. Р.Авакова оны десемантикаланған номинация дейді. Сөз фразема мағынасын толық бере алмайды, “сөз бен алмасқан фраземаның мағыналық элементтерінің біршама бөлігі сыртта қалады” [1,16-17]. Осыдан сөз (аталым) бен фраземаның арақатынасы мәселесі туындайды, ғылымда сөз (аталым) бен фраземаның арақатынасы жайлы екі көзқарас белгілі: 1) фразема мен сөздің арақатынасы теориясы; 2) фраземаның сөзге эквиваленттілігі теориясы. Екінші тұжырым бойынша, фразеологиялық тіркес пен сөздің грамматикалық категориясы бірдей, қолдануда айырмашылық болмайды. Мысалы, *әнімен құлату* — тез, лезде (Шығ.Қаз.), *жер тепшілеу* — қыдыру (Сем.Үрж.), *жүні ұштану* — семіру (Өзб.Таш.), *қасыны сот жүру* — тату (Тау., Қаш.) т.б. сияқты фразеологизмдер сөзге эквивалент ретінде қолданылады, бірақ сөзбен (аталым) салыстырғанда, мағына тепе-теңдігі жоқ, мағына теңдігі — сөздердің семантикалық және эмоционалдығы, экспрессивтілігі жағынан тең түсуі. Осыдан фразеологиялық тіркес пен сөздердің арақатынасы мәселесі туындайды [1,16-17]. Фразеологизмдердің прототипі — бірінші дәрежелі құрылымдық тұлғалар — еркін сөз тіркестері, ал фразеологиялық тіркестер екінші дәрежелі құрылым екенін зерттеушілердің бәрі дерлік мақұлдайды. Р. Сыздықтың бұл жөнінде “Фразеологиялық тіркестер — семантикалық шоғырлар, яғни жеке сөз мағыналарының бір-бірімен түйісуінен туған жаңа мағыналық дүниелер” [2, 94] деуі фразеологиялық тіркестердегі мағынаның жеке сөз мағынасына карағанда аумақты екенін дәлелдейді. Г.Смағұлова сөз бен фразема арақатынасының осы тұсын “Фразеологизмдердің қосымша мағыналық көмегі арқылы зат, құбылыстардың тура мағынасындағы кейбір көмескі тұстары толық ашылады, айтылады, сипатталады [3,12] деп бағамдайды. Сөйленістерде *ауылына ат жайылатын кісі* тұрақты тіркесі бар. (Кұсайын — *ауылына ат жайылатын кісі* (Маң.), ол қонақжай мағынасын білдіреді, бұл — жалпы қазаққа тән қонақжайлық туралы емес, жеке адамның биік қадір-қасиетін бейнелейтін аса жағымды, көтеріңкі эмоциялы тіркес. Қазақ ұғымында бай-кедейіне карамастан, “қонақ түсетін үй” ұғымы бар, ол халық арасындағы үлкен бедел иесі болу дегенді білдіреді. Тіркес мазмұны өте терең үй

иелерінің ақыл-парасат, білім, мәдениет деңгейін танытады. *Қазаны суға кету* — керісінше қонақ асы бермеу, қолы тарлық, шығымсыздық мағынасын білдіріп антоним құрайды (ол үйдің *қазаны суға кеткін* (Шымк., Арыс.), жағымсыздық тұтас тіркес бойынан ашық көрінеді. Осы аталған тұрақты тіркестердің білдіретін мағыналары *қонақжай және тар, шығымсыз* сөздеріндегі эмоция айқындығына карамастан, олардың мағынасы аталған фразема мағыналарымен тең түсе алмайтыны анық. Бұдан сөз бен фразеологизм әр кез эквивалент бола алмайды деген түсінік орныға түседі, ол фразеологизмдерді жасаудың мақсатына апарып тірейді, яғни фразеологизм сөзбен салыстырғанда, құрылымдық көлемі жағынан да, мағынасы жағынан да ауқымды, күрделі тілдік құбылыс. Фразеологиялық мағына тарихи шығу негізі жағынан лексикалық мағынамен астас, іштей өзектес, дегенмен фразеологизмдерде денотаттық белгіден гөрі сигнификаттық белгі басым. Шығу көзі карапайым сөз тіркесі болғанымен, фразеологизмдер — адам санасының жетілуіне орай, көркем, бейнелі түрде атау дәрежесіне айналған тілдік бірлік. Тілдік бірлік ретінде атау мәні жағынан диалектілік фразеологизмдердің жалпы халықтық тұрақты тіркестерден айырмасы жоқ, тіпті олармен вариант, синонимдік қатар, антоним, омонимдік мағыналарда жұмсалады, диалектілік фразеологизмдердің азды-көпті айырмашылығы — оларды құраушы сыңарлардың шығу тегінде, яғни әдеби нормалы сөздерден, әдеби-диалектілік немесе тек диалектілік сөздерден құралып, диалектілік фразеологиялық бірлік, фразеологиялық мағына жасауында.

Фразеологиялық бірліктер белгілі ұғым атауы болғандықтан, оларды осы атауыштық қызметіне қарай тақырыптық топқа бөліп саралау, олардың қандай ұғымдарға атауыш болып тұрғанын айқындауда маңызды зерттеулерде бұл мәселеге көңіл аударылып жүр. Г. Смағұлова [3] мәндес фразеологизмдерді антропоцентрлік және тілдегі адам факторы тұрғысынан жалпыдан жалқыға иерархиялық принцип бойынша жүйелейді. Мұнда қатар ішінде мағыналық дифференцияның тереңдеуінен жалпы ұғымның түсінігі сатыланып нақтылана береді деп есептейді. Көрсетілген он үш макроөрістің әрқайсысы жеке тақырыппен сипатталып, олар іштей тағы сараланады, бұл фразеологиялық мағынаның тереңдігін, көлемін танытады. Ғалым тұжырымының дұрыстығы, фразеологиялық мағынаны ажыратуда тиімділігі басқа зерттеулерде жасалған классификацияларды шолғанда байқалады. Сөйленістер жүйесінде Қ.Қалыбаеваның зерттеуінде диалектілік тұрақты тіркестер: 1) адамның психикалық жай-күйін көрсететін; 2) адамның іс-әрекетін; 3) адамды түрлі жағынан сипаттайтын; 4) алғыс пен қарғыс мәнді; 5) белгілі кәсіпке байланысты фразеологизмдер болып бес макротопқа бөлінеді де, олар нақты мағыналарды білдіретін тармақтарға ажыратылады [4,45-56]. Бұлардың ішінде кей тұстарында семантикалық жік айқын ашылмағандығы байқалады. Мысалы, “*басы қату, өкіну, опық жеу*” бір микропта алынып, “*пұшайман жеу*” — өкіну мағынасында фразеологизм “*қатты шаршау, тарығу, жүдеу*” микроөрісіне мысал ретінде беріледі. Аталған екі топтың семантикасы да бір қатарда келе алмайтын мағыналар, сол сияқты “*жек көру, ұнатпау, қастасу*” бір тақырыптық топ ретінде алынады, бұлардың да жеке-жеке семалардан тұратындығы, бір

топ көлемінде карауға келмейтіндігі айқын, себебі “*жек көру*” бар да, “*қас-тасу, өштесу*” бар, екеуі — екі түрлі ұғым. Ғалымның тілді бейнесін жасауда фразеологиялық бірліктердің ролі ерекше, фразеологизмдер — этностың әр алуан байлығының куәсі, соның тілдегі суреті, осы жағынан алғанда, фразеологизмдерді семантикалық жақтан ұсақтаудың, бөлшектеудің қаншалықты қажеті бар деген ой тууы мүмкін, алайда, жеке фраземалардың семантикасын ашып, оның бойындағы ең кіші семаға үніліп, мәнін түсінбейінше, фраземаның тұтас табиғатын, ол аңғартып тұрған мәдени т.б. мазмұн-деректі ұғу мүмкін емес, тұтас мазмұн-түсінік жалқыдан, жеке семалардан құралады, сол жеке семаларда тіл иесі этностың бейнелі, астарлы ойының нәзік иірімдері тұнып жатады. Фразеологизмдерге жасалатын лексика-семантикалық классификация, семантикалық талдау фразема табиғатының осы қырына көңіл аударуы қажет.

Диалектілік тұрақты тіркестер жайлы енді бір зерттеу Қытай қазақтары тілі материалдарына арналады [5], еңбекте фразеологизмдердің тақырыптық мағынасы олардың сөз таптарына қатысына байланысты сипатталады, яғни “етістік мәндес, есім мәндес, үстеу мәндес фразеологизмдер” түрінде топталып, етістік мәнді фразеологизмдер іштей іс-әрекетті және көңіл-күйді сипаттайтын фразеологизмдер, іс-әрекет жағымды (*тебінін қыздыру* — шабыттандыру, *бедел табу* — беделі өсу), жағымсыз (*мейманасы тасу* — менсінбеу, *сақал тастап жүру* — ниеті бұзылу), көңіл-күй: жағымды (*ғұзыр алу* — рахаттану, *дүз дөңбегі жасау* — дәм-тұзы жарасу т.б.), нашар көңіл-күй (*жүрек алды балу* — қорқып қалу, *қамырық қылу* — уайымдау т.б.) тәрізді тармақтарға таралады. Есім, үстеу мәнді фразеологизмдер де осылайша сипатталады. Қытай қазақтары тіліндегі фразеологизмдер бейнелілігімен ерекшеленеді, өмір сүру ортасының куәсі — қытай, ұйғыр тілдерінің әсері көзге түседі. Этностың дүниетанымын, өмірінің көрінісін сипаттауда фразеологизмдердің орны айрықша, фразеологизмдер — бүкіл этностың рухани мәдениетінен дерек беретін тілдік құрал, этнос әлемінің тілдік бейнесі оның бүкіл бояуы фразеологизмдердің семантикасында, оның астарында, сөздің құбылып киюла-суында деуге болады. Осы мәселеге байланысты аталған зерттеулердегі семантикалық жүйеленуден қазақ сөйленістеріндегі фразеологизмдердің семантикалық қырлары тұрғысынан қарастыратын мәселелері әлі бар деп ой түйе болады.

Фразеологизмдердің жасалуы — ұзақ уақыт, дәуірдің жемісі, ол фразеологизмдер құрамындағы сөздердің мағыналарын көмескілендіруінен, тіпті, жоғалтуынан, біртұтас мағынаның оларды құрастырушы сынарлардың лексикалық мағынасынан сезілетіні белгілі. Түркіменстан қазақтарында *әк шығару* — оқыс мінез шығару, оқыс мінез көрсету ұғымында айтылады (Түйе бүгін *әк шығарып* сауғызбай тұр). Ә. Нұрмағамбетов [6,12] тіркес құрамындағы *әк* сөзін түркі-монғол тілдеріне ортақ санайды. “*Қыңыр, қыңырлану, ерке*” мағынасында тува (*аак*), қалмақ (*агсм күн*), монғол тілінде *ааг* — ашу, ыза мағынасында. Көне түркі жазба ескерткіштерінде *ақсын* — жеңілтек, тентек (Л. Бор, БЛ, 43), *ақсұмла* — жанжал (ДТС, 4 а). Осыдан *әк* сөзінің төркіні *ааг, аак* шығады деп есептейді және қазақ тіліндегі “*алек*” сөзі осымен тамырлас, ол

хакас тіліндегі *алыхтан* сөзі деп жобалайды, бұған түркі тілдеріндегі “*л*” дыбысының тұрақсыздығын негіз етеді. Сонда ғалымның болжамы бойынша: *алыхтан* > *алық* (тан) > *алых* > *әлік* > *алек*, соңғы “*алық*” тұлғасындағы “*л*” дыбысының түсуі нәтижесінде “*әк*” туған: *алых* > *әлік* > *а(л) ек* > *әек* > *әк*. Тіркес құрамындағы *әк* сөзінің мағынасы қазіргі күні күңгірт, түсініксіз, ал оның түп негізіне үнілу — бастапқы мағынасын анықтаудың жолы. Осы тәрізді тұрақты тіркестердің мағынасындағы жеке сынарлардың, тұтас бүтін мағынаның өзгерістерінің лингвистикалық, экстралингвистикалық та себептері бар, олар фразеологизмдерді синхрондық тұрғыда әр алуан семантикалық күйге әкелген. Фразеологиялық мағына — туынды мағына, оның туындауына тұрақты тіркестердің өмір сүру қабілеті, бейнелеу, бағалау, ерекше әсер беру қызметі негіз болған. Диалектілік тұрақты тіркестер — бейнелі атау қажеттілігінен пайда болған біртұтас лексикалық мағына. Ғ. Қалиев диалектілік фразеологизмдерді аналитикалық сөзжасамның нысаны ретінде грамматикалық табиғатына қарай, тіркес болып құралудың грамматикалық құралдары тұрғысынан жете зерделеген [133,164-167]. І. Кеңесбаев фразеологизмдерді сөз таптары бойынша классификациялау күрделі мәселелердің бірі екенін, олардың семантикасы мен тұлғасы жеке сөз табына барабар келмейтінін тек белгілі сөз табының қызметіне жуықтайтын фразеологизмдер болатынын айта келе, идиомалық тұлғадағы тіркестер (фразалық түйдектер) сөз табының қызметінен мүлде алшақ деп тұжырымдайды (Кеңесбаев, 617). Фразеологизмдердің синтаксистік қызметі олардың атауыштық мәнінен шығатын лексика-грамматикалық сипатымен байланысты. Қимыл ұғымына қатысты фразеологизмдер етістік сөз табының лексика-грамматикалық табиғатына сәйкес сөйлемде баяндауыш болады, ал сындық-сапалық ұғымды білдіретіндері — сын есім қызметін атқарса, үстеу мәнді тұрақты — тіркестер пысықтауыш болады. Ғ. Смағұлова тұрақты тіркестердің бұл мәселесі жөнінде “ФБ-тер мағына жағынан бір ұғымды білдіріп, бір сөздің орнына жүретіндіктен, әрі сөйлем ішінде бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқаратындықтан, әрбір тұрақты тіркес белгілі сөз табына бағыныпқы болады”, — [3,24] деп түйіндейді.

Фразеологизмдерді сөз таптастыру принципі бойынша жүйеленгенде, бүтін тіркестің мағынасы, морфологиялық құрамы, синтаксистік қызметі тәрізді белгілеріне сүйену керек болады. Осы белгілеріне қарай: 1) етістік мағыналы; 2) есім мағыналы; 3) үстеу мағыналы; 4) бейтарап сөздердің қатысуымен жасалған диалектілік фразеологизмдер деп жүйелеуге болады. Бұлай жүйелеу басқа да еңбектерімен қатар қазақ және монғол тілдерінің образды фразеологизмдерін грамматикалық белгілеріне қарай топтастыруға арқау болған [8,67].

1. Етістік мағыналы фразеологизмдердің құрылымдық үлгілері; етістік мағыналы фразеологизмдер алдымен а) *зат есім + етістік үлгісінде* қос тағанды болып келеді. *Күн кету* — күн ұясына бату. *Күн кеткен соң* үйге қайтамыз. (Шымк. Сайр.) *Күн түсу* — жай түсу. Бір уақытта аспан шытырлап, *күн түсті* (Көкш. Еңб.). *Албаты кету* — есі кету. Баламның *албаты кетіп* ауырып жатыр (Талд.) *Ары келу* — намысы келу (Маң.) т.б. Көрсетілген тіркестерде зат есім атау септік формасында жұмсалған, сонымен қатар зат есім табыс

сеітпінін ашық не жасырын түрінде келеді. *Кір айналдырмау* — шаң жуытпау, қорғаштау (Қызылорда, Сыр.); *адалын шеккізу* — сырын айтқызу. Сіз оның бар *адалын шеккіздіңіз* (Орал); *дам алаан* — оқыған, білімді. Мен, айнам, онша *дам алаан* кісі емеспін (Маңғ.) Зат есім сынарларының барыс, жатыс, шығыс, көмектес сеітпінді түрлері де кездеседі. *Асқардан келу* — күтпеген жерден келу (Қост. Об.); *Әнімен құлату* — тез, лезде (Больш.); *ақыретіне жеткізу* — ұрсу, қатты сөгу. Ол жағымсыз сөздермен балағаттап, *ақыретіне жеткізді* (Шымк. Арыс.); *ақылынан шашылу* — ақылынан айрылу. Пиян болып, *ақылынан шашылады* да жүреді (Түркмен.); *аяққа басу* — жолға қою. Есейген соң ақылы кіріп, оқуы *аяққа басты* (Орал); *аяғынан жүру* — кепілде жүру. Орда сельпосының бұрынғы бастығы қазір *аяғынан жүр* (Орал) т.б.

ә) *зат есім+зат есім+етістік үлгісінде*: *жағының отын шығару* — шапалақ жегізу (Маң.); *көңіліне ақтық салу* — көңіл жұбату, көңіл ауласу (Сем.Акс.); *елік ауыз болу* — қисыны кету, ұйқаспау. Сөзі *елік ауыз болып* кетіпті (Мойын.); *жанға мұрса бермеу* — тыныштық бермеу (Көкш. Еңб.) т.б.

б) *сын есім+етістік үлгісіндегі* тұрақты тіркестер сирек кездеседі: *әшкерелі болу* — атакты болу (Арал); *қалжулы болу* — құр алақан болу. Математиктен өзірге *қалжулы*, болып тұр екен (Сем., Акс.); *ақ үйлі болу* — азып-тозу (Орын. Ад.) т.б.

в) *есім сөз — күрделі етістік үлгісіндегі* тұрақты тіркестер: *қойын тықпай қылу* — ұрлау, жымқыру. *Қойын тықпай* қылатындар да жоқ емес (Қ-орда, Қарм.); *ашуы түсіп кету* — ашуы келу, ашулану. Осындай мәселені естігенде менің *ашуым түсіп кетеді* (Шығ., Қаз., Больш.); *кетігіне тап ете түсу* — ыңғайлы келу, реті болу. Айтқан жұмысын *кетігіне тап ете түсті* (Сем., Абай); *беттен шармай алу* — қарсыласу, беттен алу. Бірдеме десен, *беттен шармай алады* (Маң.); *аузы салп ету* — құр қалу, құрамай қабу. Талай адамның *аузы салп етті* (Шығ. Қаз.); *қиял таулап кету* — ой туу, қиял туу. Жақын арада бір *қиял таулап кетті* (Қарак.) т.б. Фразеологиялық қордың көлемді бөлігін етістік мағыналы тұрақты тіркестер құрайды, олар етістік категорияларымен түрлену арқылы етістікке тән функцияларды атқарады.

2) *Есім мағыналы* тұрақты тіркестер *зат есім+зат есім*, *сын есім+зат есім* және *зат есім+сын есім* үлгісінде келеді. *Адам беті кушала* — бетінің бүлк етпеуі (Орал); *кесе кісі* — бөгде бөтен. Мұнда тынышсыздау болатыны *кесе кісіміз* көп (Тур., Инд.); *ақылы там* — ақылды. Ол деген *ақылы там* адам ғой (Арал); *ақ көбелек* — ақ көбелек, аңкылдақ (Больш.); *ақ көйлек* — ақ көңіл, аңкылдақ. Кәдер шал *ақ көйлек* жақсы адам (Торғ. Жан.); *ала тұяқ* — ала аяқ, сүм (Жамб.); *Қара маңдай* — бакытсыз (Түрікм. Ашх.); *жүрегі жұқа* — ақ көңіл, көңілшек. Төреш *жүрегі жұқа* жігіт (Түркім.); *аузы қисынды кісі* — білгіш, шешен. Қашағанның *аузы қисынды кісі* (Маң.); *ағаш белсенді* — жағымсыз белсенді. Сен осы *ағаш белсенділігіңді* қашан қоясын? (Қост.Жан.) т.б.

3) *Үстеу мағыналы* диалектілік фразеологизмдер: *дем сағатта* — лезде. Самолет *дем сағатта*-ақ жеткізеді (Талд.); *дем сәтте* — лезде. *Дем сәтте* жоқ болды (Қост.Об.); *ақ пен қызылдың арасында* — лезде, тез (Маң.) т.б. тұрақты тіркестері мезгіл ұғымында қолданылса, *әдден тысқары* — шамадан тыс, *бақадар әлініше* — шамасына қарай фразеологизмдері мөлшер мағынасын, *ит арқасына тұрғысыз* — ит байласа тұрғысыз қимыл-сындық мағынаны білдіреді.

4) бейтарап сөздердің қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер бірен-саран кездеседі. *Құрты бар сөз* — астарлы сөз; *бет-аузы жоқ* — ұятсыз т.б.

Синтаксистік құрылымына қарай *сөз тіркесі* түрінде (*кустана қылу, құрсағы ашу, дәсердей болу, әугіп адам, ақылы там, донды жер, жәп-жиын ел*) және *сөйлем түріндегі* тұрақты тіркестер кездеседі (*қиырдың қылаңындай тап болу* — ойда жоқта кез болу; *арқасына қағып, аузына ұру* — мәпелеу; *жатқан ел, жайылған мал* — бейбіт өмір; *ауыл үй қону* — ай мен үркердің бір-біріне жақын келуі; *ақ үйлі болып кету* — азып тозу; *ала дорбасы алдына түсу* — кайыр сұрау; *ешкінің қылды айранын бермеу* — түк татырмау; *ақ түйе бас қылу* — жұрт алдында күлкі қылу, ұялту; *қазаны суға кету* — қонақ асы бермеу;

Диалектілік фразеологизмдерге де семантикалық өзгеріс, даму тән, әдеби тілмен салыстырғанда, диалектілік фразеологизмдер синоним, омоним, көпмағыналық қатынастарда кездеседі. Диалектілік фразеологизмдер — аймақтық сипатқа ие құбылыс, сондықтан мөндес, мағыналас (синоним) және басқа да мағыналық өзгерістерде келуін диалект көлемінде, диалектаралық және әдеби тіл мен диалект аралық қатынаста болады. Диалектілік фразеологизмдердің көпшілігі әдеби тілдегі фразеологизмдермен синонимдік қатар құрай алады, бірақ басқа диалект тұрғысынан алғанда, ол синоним бола алмауы мүмкін, синоним — біртұтас тілдік ортаға тән құбылыс, мағыналық жақындығына қарай бірін-бірі ауыстыра алатын, өзіндік рең айырмашылығы болуға тиіс сөздер. І. Кеңесбаев “синонимді ФЕ-лер мен жеке синоним сөздердің арасында көзге түсер айырмасы бар. Синонимді сөздердегі мағына жақындығы ФЕ-дегі мағына жуықтығынан әлдеқайда күштірек” (Кеңесбаев, ҚТФС, 609 санай отырып, мағына жуықтығы болғанмен, синонимдерді кез келген жерде біріннің орнына бірін қойып айтуға бола бермейтінін ескертеді, соңғы түйін фразеологиялық синонимдерге көбірек қатысты, олардың бойындағы әсерлеу, бейнелеу мағынасы соны қалайды. *Өкіну* мағынасындағы *пұшайман жеу* мен *іші ит жьртқан шанаштай болу* фразеологизмдердің арасындағы әсер ету айырмашылығы елеулі екені бірден көзге түседі; *іші ит жьртқан шанаштай болу* тақырға отырып қалған удай өкініш иттің жағымсыз әрекеті арқылы бояуы өте айшықты сурет жасайды. Диалектілік фразеологизмдердің синонимділігін жалпы диалект сөз табиғатына сай жүйелеу қажет. Ол белгілі фразеологиялық тіркестің аймақтық айырым немесе жалпыхалықтық ортақ белгісімен сабақтас келеді. Міне, осыған байланысты диалектілік фразеологизмдерді шартты түрде әдеби диалектілік (*ақ үйлі болып кету* — күйі таю; *ақ пен қызылдың арасында* — қас пен көздің арасында; *жар жарастықта болу, қасынысып жүру* — тонның ішкі бауындай; *зуанасы ұшу/кету, зәресі қалпақтай болу* — зәресі ұшу; *құрсағы ауыру, қамыры ашу* — жаны ашу; *ішін үгіп алу, адалын шеккізу* — сырын ақтарту; *қойын тықпай қылу* — қолды болу; *айшығы айналып жүру* — дінкесі құру; *мият тұту* — арқа тұту; *ақыретіне жеткізу* — жер-жебіріне жеткізу; *арқасына қағып, аузына ұру* — алақанға салу; *жерлі жақымбай, ақ көбелек, ақ көйлек* — ақ көңіл, *алты мойнын тігу* — күдер ұзу т.б.) және диалектілік синоним фразеологизмдер (*кетігіне тап ете түсу, кестесі келісу* — реті, жөні келу мағынасында; *қарық жанына су ішу, көбініп қалу, қылық болу* — абдырау, саскалақтау мағынасында т.б.) деп бөлуге болады, бұлай деуге себеп: әңгіме дублеттер туралы емес, синонимдер туралы, диалектілік

фразеологизмдердің синонимдік қатар жасай алатыны күмән туғызбайды. Аталған топтардан әдеби-диалектілік фразеологиялық синонимдер қатары мол.

Диалектілік тұрақты тіркестер — жалпы фразеологиялық бірліктерге тән тіркес тиянақтылығы, мағына тұтастығы, қолданыс бүтіндігі, образдылық, номинативтілік сияқты белгілерді бойына жинақтаған тіркес түріндегі және сөйлем түріндегі құрылымдар; есім сөздер мен етістіктерден жасалатын тіркестер жиірек ұшырасады, сондықтан етістік мағыналы тіркестер молдау. Диалектілік фразеологизмдер тақырыптық (атауыштық) мәніне қарай адам өмірінің барлық саласын қамтиды, дегенмен мінез-құлық, адамдық қасиет, адамдар арасындағы қарым-қатынасты танытатын өмірдің бағалауыштық бояуы басымдау жұмсалатын тұстарын көбірек суреттейді. Құрастырушы сыңарларының шығу негізіне қарай: әдеби сөздерден, әдеби-диалектілік және диалектілік сөздерден құралады, олардың ішінде әдеби сөздерден құралған тұрақты тіркестер жергілікті жерде мүлде басқа атауыштық-образдылық сипатқа ие болып, тұрақты тіркестер қорының көлемді бөлігін жинақтайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Авакова Р.А.* Фразеологиялық семантика. Алматы: Қазақ университеті, 2002. 152-б.
2. *Сыздықова Р.* Абайдың сөз өрнегі. Алматы: Ғылым, 1995.
3. *Смағұлова Г.* Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Алматы: Ғылым, 1998. 198-б.
4. *Қалыбаева Қ.* Қазақ тіліндегі диалектілік тұрақты сөз тіркестер. Алматы, 1997. 72-б.
5. *Мұстафаұлы С.* Қытай қазақтары тілінің тұрақты тіркестеріндегі ерекшеліктер: Канд. дисс. Алматы, 2002. 171-б.
6. *Нұрмағамбетов Ә.* Тіліміздегі кейбір диалектизмдер төркіні // Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктер. Алматы: Ғылым, 1990. 5-28-бб.
7. *Қалиев Ғ.* Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері. Алматы: Ғылым, 2002. 190-б.
8. *Сағидолдақызы Г.* Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны. Алматы: Ғылым, 2003. 248-б.